

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2024 жылғы 19 қарашадағы № 399 бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 7 қыркүйектегі № 377 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33401 болып тіркелген) Кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңарту қағидаларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің "Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару" кәсіптік стандарты осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Қала құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық саясат департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

И. Шархан

Бұйрыққа қосымша

"Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару" кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу саласы: "Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару" кәсіптік стандарт (бұдан әрі – КС) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді, коммерциялық жылжымайтын

мүлікті басқару саласындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарда білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару саласында персоналды оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және ұйымдарда персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттердің шешімдеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – салада танылатын сараланған біліктілік деңгейлерінің негіздемелік құрылымы болып табылатын ұлттық біліктілік жүйесінің құрамдас бөлігі (кіші жүйесі);

2) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

3) тұрғын емес ғимарат – өндірістік, сауда, мәдени-ағарту, емдеу-санитариялық, коммуналдық-тұрмыстық, әкімшілік және тағы басқа (тұрақты тұрудан басқа) мақсаттарда пайдалануға арналған объект;

4) коммерциялық жылжымайтын мүлік – коммерциялық қызмет үшін пайдаланылатын, кейіннен тұрақты пайда немесе капитал өсімін, жалға беруден түскен табысты, инвестициялық табысты (бизнес орталық, сауда-ойын-сауық орталығы, сауда орталығы, сауда үйі, қойма үй-жайлары, кеңсе үй-жайлары, пәтерлер, және кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын өзге де жылжымайтын мүлік), көппәтерлі тұрғын үйлердегі үй-жайларды қоспағанда;

5) коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісін басқару – тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің/жалға алушыларының қауіпсіз және жайлы тұру (болу) жағдайларын жасауға, объектінің ортақ мүлкін тиісінше күтіп-ұстауға, объектінің ортақ мүлкін пайдалану мәселелерін шешуге және коммуналдық қызметтер көрсетуге бағытталған іс-шаралар кешені;

6) жаңартылатын энергия көздері – табиғатта, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өмірлік циклінде және адамзат қоғамының тіршілік әрекетінде тұрақты бар немесе кезең-кезеңімен туындайтын процестер негізінде түзілетін энергия көздері.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

2) БА – басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

3) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

4) БХСС – білім берудің халықаралық стандарттық сыныптамасы;

5) ҚМЖ – құрылыс-монтаждау жұмыстары;

6) КС – кәсіптік стандарт;

- 7) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;
- 8) ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім беру;
- 9) БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару.
5. Кәсіптік стандарт коды: L68321001.
6. ЭҚЖЖ сәйкес секцияны, бөлімді, топты, сыныпты және кіші сыныпты көрсету:
L Жылжымайтын мүлікпен операциялар;
- 68 Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар;
- 68.3 Сыйақы үшін немесе шарттық негізде жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар;
- 68.32 Сыйақы үшін немесе шарттық негізде жылжымайтын мүлікті басқару;
- 68.32.1 Сыйақы үшін немесе шарттық негізде жылжымайтын мүлікті басқару;
L Жылжымайтын мүлікпен операциялар;
- 68 Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар;
- 68.2 Жеке немесе жалға берілетін мүлікті жалға беру және басқару;
- 68.20 Жеке немесе жалға берілетін мүлікті жалға беру және басқару;
- 68.20.1 Жеке меншікті жалға беру және басқару.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: "Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару" кәсіптік стандарты коммерциялық, басқару және техникалық аспектілерді қоса алғанда, коммерциялық жылжымайтын мүлікті тиімді басқарумен айналысатын мамандардың біліктілік деңгейіне, кәсіптік білім мазмұнына қойылатын талаптарды анықтайды.

8. Кәсіп карточкаларының тізімі:

- 1) Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқарушы - СБШ 6 деңгейі;
- 2) Коммерциялық жылжымайтын мүлік әкімшісі - СБШ 5 деңгейі;
- 3) Жылжымайтын мүлікпен операциялар жөніндегі агент - СБШ 4 деңгейі;
- 4) Ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану мен жөндеуді ұйымдастыру жөніндегі инженер - СБШ 6 деңгейі.

3-тарау. Кәсіп карточкалары

9. "Коммерциялық жылжымайтын мүлік менеджері" мамандығының карточкасы:	
Топ коды:	1439-9
Сабак атауының коды:	-
Кәсіптің атауы:	Коммерциялық жылжымайтын мүлік басқарушы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6

СБШ бойынша біліктілік деңгейі:			
БТБА, БА және тағы басқа үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:		Басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. Менеджер, шаруашылық меңгерушісі (әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі менеджер), ғимарат әкімшісі	
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, специалитет, ординатура)	Мамандығы: Бизнес және басқару	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Экономикалық, басқару саласындағы жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл.		
Бейресми және ақпараттық біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Меншік иесінің, басқарушы компанияның коммерциялық мақсаттарына сәйкес келетін коммерциялық жылжымайтын мүлікті тиімді басқаруды ұйымдастыру, сондай-ақ үй-жайларды жалға алушылардың қауіпсіз және жайлы өмір сүру ортасын қамтамасыз ету.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Компанияның стратегиясы мен саясатын іске асыру. 2. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқарудан кіріс алу мақсатында операциялық және қаржы-шаруашылық қызметті жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау. 3. Коммерциялық мақсаттарға қол жеткізуді және коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету. 4. Ыңғайлы және қауіпсіз күйде ұстау үшін ғимаратқа техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және бақылау.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
1-еңбек функциясы: Компанияның	1-дағды: Компанияның стратегиясы мен саясатын іске асыру	Машықтар: 1. Коммерциялық қызмет саласын талдау. 2. Коммерциялық қызмет саласындағы нарықтық тенденцияларды талдау, соңғы тәжірибелерді зерттеу. Көрсетілетін қызметтердің техникалық деңгейі мен сапасын арттыру үшін отандық және шетелдік тәжірибе. 3. Компанияның коммерциялық саясатын жүзеге асыру үшін іс-шаралар әзірлеу.	

стратегиясы мен саясатын жүзеге асыру	жөніндегі қызметті жүзеге асыру	4. Басқарылатын объектінің/ бизнестің коммерциялық тартымдылығын арттыру үшін бағыттар мен іс-шараларды айқындау. Білімдер 1. Стратегиялық жоспарлау негіздері. 2. Кәсіпорын экономикасының негіздері. 3. Кәсіпорынның экономикалық және қаржылық талдау әдістері. 4. Маркетинг негіздері.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	1-дағды: Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару бойынша жыл сайынғы жұмыстар мен қызметтер жоспарын әзірлеу және оның орындалуын бақылау	Машықтар: 1. Құрылымдық бөлімшелердің жоспарларын қоса алғанда, коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару бойынша жұмыстардың жалпы жоспары мен кестесін қалыптастыру. 2. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару және күтіп-ұстау бойынша шығыстардың бірыңғай бюджетін қалыптастыру. 3. Қажетті ресурстарды жеткізу үшін коммуналдық қызметтермен өзара әрекеттесуді жоспарлау және бақылау. 4. Шарттар бойынша міндеттемелер бұзылған кезде талап қою, талап қою жұмыстарын ұйымдастыру. 5. Сервистік қызмет субъектілерінің, мердігерлік ұйымдардың және коммуналдық кәсіпорындардың шарттарды орындау нәтижелерін бағалау. 6. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару және күтіп-ұстау бойынша есеп беруді бақылау. 7. Есеп беру нәтижелері бойынша коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару және күтіп-ұстау бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер жоспарының орындалуын талдау. 8. Ғимаратта\коммерциялық жылжымайтын мүлікте болудың санитарлық нормалары мен ережелерінің орындалуын бақылау. 9. Тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану. Білімдер: 1. Коммерциялық қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілер. 2. Бизнесті жоспарлау, операциялық және қаржылық жоспарлау негіздері. 3. Бюджеттеу, сметаны есептеу әдістері. 4. Бухгалтерлік есеп негіздері. 5. Тиісті қолданбалар\ бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Білікті кадрларды таңдау.

2-еңбек функциясы:
Коммерциялық
жылжымайтын мүлікті
басқарудан кіріс алу
мақсатында операциялық
ж ә н е
қаржы-шаруашылық
қызметті жоспарлау,
ұйымдастыру және
бақылау

2-дағды:
Операциялық және
қаржы-шаруашылық
қызметті ұйымдастыру

2. Қызметкерлердің кәсіптік білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану және дамыту.
3. Оқыту, біліктілік деңгейін арттыру, компания қызметкерлерінің мансаптық өсуіне жағдай жасау.
4. Нәтижелерге қол жеткізу үшін қызметкерлерді ынталандыру және ынталандыру әдістерін қолдану.
5. Өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, еңбек заңнамасына сәйкес қызметкерлердің құқықтарын сақтау.
6. Барлық құрылымдық бөлімшелердің тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру.
7. Компанияның командалық рухын қалыптастыру үшін жағдай жасау (team building).
8. Жұмыс тиімділігінің негізгі көрсеткіштері – KPI жүйесін енгізу және тиімді пайдалану.
9. Барлық мүдделі тараптарды қанағаттандыратын коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісіндегі сервис деңгейін анықтау.
10. Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары мен талаптарына сәйкес келетін сапалы ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу арқылы компаниядағы бизнес-процестерді ұйымдастыру, жетілдіру және бақылау.
11. Жоспарланған қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін материалдық, қаржылық және еңбек шығындарының негізделген нормативтерін қолдану.
12. Технологиялық процестерде, операциялық және қаржылық қызметте жаңа техника мен технологияларды пайдалануды қамтамасыз ету.
13. Операциялық және қаржы-шаруашылық қызметті сапалы заңдық сүйемелдеуді қамтамасыз ету және бақылау.
14. Компания қызметінде заңдылықтың сақталуын, шарттық және қаржылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету.
15. Ғимаратты жалға алушылармен және пайдаланушылармен өзара әрекеттесудің толық циклін ұйымдастыру.
16. Коммерциялық жылжымайтын мүлік иесімен және басқарушы компаниямен тиімді қарым-қатынас жасау.
17. Келіссөздер, кеңестер өткізу.
18. Тиімді қарым-қатынас орнату және жанжалдарды шешу.
19. Ғимараттың ішкі тәртібі мен пайдалану ережелерінің сақталуын бақылау.
20. Коммерциялық қызметтің жоспарланған кірістілік деңгейіне жету.

Білімдер:

1. Коммерциялық қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілер.

		2. Кәсіпорынның экономика және қаржылық талдау негіздері. 3. Бизнесі жоспарлау және бюджеттеу әдістері. 4. Маркетинг негіздері. 5. Тиісті қолданбалар\ бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары. 6. Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасы. 7. Басқару және коммуникация психологиясының, іскерлік саладағы тұлғааралық коммуникация психологиясының негізгі қағидаттары. 8. Шарттық қатынастардағы азаматтық құқықтың негіздері. 9. Салық заңнамасы. 10. Бизнес-орталықтарды, сауда және сауда ойын-сауық кешендерін, кеңсе және көпфункционалды үй-жайларды басқару ерекшеліктері. 11. Тайм-менеджмент.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	1-дағды: Маркетингтік саясатты жүзеге асыру	Машықтар: 1. Сату туралы есептер мен нарықтық аналитикалық есептерді талдау. 2. Маркетингтік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу. 3. Маркетингтік жоспарды, соның ішінде жарнамалық компанияларды және басқа маркетингтік әрекеттерді үйлестіру. 4. Маркетинг жоспарының бюджетін келісу. 5. Маркетинг жоспарын іске асырудың уақтылығы мен тиімділігін бақылау. 6. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға алу үшін төлем мөлшерін анықтау. 7. Сенімді жалға алушыларды іздеу, жалдау шарттарын келісу бойынша келіссөздер жүргізу, алаңдардың барынша толуын қамтамасыз ету. 8. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға алу үшін құжаттар пакетін қалыптастыру. 9. Инфляция деңгейіне мөлшерлемені индекстеу шартымен ұзақ мерзімді жалдау шарттарын жасасу. 10. Көрсетілетін қызметтердің сапасын, қосымша қызметтер мен жұмыстарға қажеттілікті талдау. Білімдер: 1. Маркетинг негіздері. 2. Маркетингтің әдістері мен құралдары. 3. Бизнесі жоспарлау және бюджеттеу негіздері. 4. Әр түрлі аудиторияға маркетингтік зерттеулер жүргізу негіздері. 5. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті дұрыс басқару мысалдары және мүмкін қателіктер.

3-еңбек функциясы: Коммерциялық мақсаттарға қол жеткізуді және коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету.		6. Коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісі тұжырымдамасын әзірлеудің негізгі қағидаттары. 7. Жалға алушылармен өзара әрекеттесу кезінде шешілетін қаржылық және құқықтық мәселелер. 8. Жылжымайтын мүлікті басқару бойынша шешім қабылдаудың заманауи модельдері.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	2-дағды: Сатуды басқару	Машықтар: 1. Сату деңгейінің көрсеткіштерін жоспарлау. 2. Сату жоспары мен жалдау мөлшерлемелерін басқарушы компаниямен және меншік иесімен келісу. 3. Маркетингтік іс-шаралар жоспарын келісу. 4. Даму, имидждік жобаларды үйлестіру. 5. Есеп беруді бақылау және жұмыс тиімділігін талдау. 6. Сатудың жоспарланған деңгейіне жетуді бақылау. Білімдер: 1. Маркетинг негіздері. 2. Менеджмент негіздері. 3. Бизнесті жоспарлау негіздері. 4. Кеңсе мүлкіндегі жалдау қатынастарын басқару тәсілдері. 5. Шарттық қатынастардағы азаматтық құқықтың негіздері. 6. Басқару және коммуникация психологиясының, іскерлік саладағы тұлғааралық коммуникация психологиясының негізгі қағидаттары.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	3-дағды: Имидждік өкілдікті арттыру мақсатында нарықтың м ү д д е л і қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасау.	Машықтар: 1. Нарық үрдістерін, әлеуетті клиенттердің қажеттіліктерін қадағалау. 2. Жалға алушылардың, кәсіптік қауымдастықтардың, серіктестердің, инвесторлардың қатысуымен презентациялық іс-шараларды ұйымдастыру. 3. Іскерлік келіссөздерді, презентациялар мен кездесулерді ұйымдастыру және өткізу. 4. Қосымша ілеспе қызметтерді ұсыну бойынша серіктестерді іздеу және тарту. 5. Мақсатты жарнамалық науқандарды өткізу. Білімдер: 1. Маркетинг негіздері. 2. Менеджмент негіздері. 3. Кеңсе мүлкіндегі жалдау қатынастарын басқару тәсілдері. 4. Шарттық қатынастардағы азаматтық құқықтың негіздері.

		5. Басқару және коммуникация психологиясының, іскерлік саладағы тұлғааралық коммуникация психологиясының негізгі қағидаттары.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	1-дағды: Ғимараттың инженерлік жүйелері мен құрылымдық элементтерін пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және бақылау	Машықтар: 1. Ғимараттың инженерлік-техникалық жүйелері мен құрылымдық элементтерін үнемі тексеріп отыруды ұйымдастыру және бақылау. 2. Ғимараттың ақаулары мен ақауларын жою үшін сипатын, көлемін келісу. 3. Ғимараттың инженерлік жүйелері мен құрылымдық элементтерін күтіп-ұстау, пайдалану бойынша сервистік қызмет субъектілерімен іріктеуді қамтамасыз ету және шарттар жасасу. 4. Өртке қарсы жүйелердің жұмысын тексеру кестесін қалыптастыруды бақылау. 5. Орындалған жұмыстарды қабылдауды жүзеге асыру. 6. Ғимараттың белгіленген энергия тиімділігі класына сәйкес келетін техникалық параметрлерді сақтауды қамтамасыз ету. 7. Ғимараттардың мүлкіне тұрақты түгендеу жүргізуді бақылау. 8. Ғимараттың техникалық жағдайы туралы есептердің берілуін бақылау. 9. Техникалық жай-күй туралы есептерді талдау негізінде ғимараттың жай-күйін бағалау және қажет болған жағдайда басшылық пен меншік иесіне шешімдер ұсыну. 10. Жоспарлы және авариялық қызмет көрсетуді жүргізу. 11. Күзет, тазалау, тұрақ ұйымдастыру. 12. Шаруашылық және өндірістік жабдықтауды ұйымдастыру. 13. Коммуналдық шығындарды азайту бойынша іс-шараларды жоспарлау. Білімдер: 1. Тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың инженерлік жүйелері мен конструктивтік элементтерін күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын талаптар бөлігінде техникалық пайдалану нормалары мен қағидалары. 2. Тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың құрылымдық элементтері мен инженерлік жүйелерінің физикалық тозуын бағалау әдістері. 3. Мүлікке түгендеу жүргізу нормалары мен талаптары. 4. Ғимараттардың энергия тиімділігі бөлігіндегі нормативтік құқықтық актілер. 5. Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар.

4-еңбек функциясы: Ыңғайлы және қауіпсіз күйде ұстау үшін ғимаратқа техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және бақылау.		6. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техника нормалары.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	2-дағды: Ғимарат үй-жайлары мен іргелес аумақтың тиісті санитарлық жай-күйін қамтамасыз ету, іргелес аумақты абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	Машықтар: 1. Ғимараттың тиісті санитарлық жағдайын қамтамасыз етуді жоспарлау және бақылау. 2. Тиісті құрылымдық бөлімшенің/санитарлық ұстауға және тазалауға жауапты қызметкердің жұмысын бақылау. 3. Аумақты тиісті абаттандыру мен көгалдандыруды қамтамасыз етуді жоспарлау және бақылау. 4. Аумақты абаттандыруға және көгалдандыруға жауапты қызметкердің/тиісті құрылымдық бөлімшесін бақылау. 5. Іріктеуді жүзеге асыру және сервистік қызмет субъектілерімен шарттар жасасу. 6. Жұмыстарды орындау бойынша жоспарлар мен кестелерді келісу және бекіту. 7. Жұмыстарды қабылдауды жүзеге асыру. Білімдер: 1. Тұрғын үй қорын, тұрғын емес ғимараттарды техникалық пайдалану нормалары мен қағидалары, үй-жайларды және аумақты санитарлық күтіп ұстау мен жинауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қойылатын талаптар бөлігінде ұстау қағидалары. 2. "Әкімшілік және тұрғын үйлерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық қағидалар. 3. Ғимараттардың аумағын абаттандыру нормалары мен ережелері. 4. Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар. 5. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі нормалары.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	3-дағды: Ғимараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру	Машықтар: 1. Жоспарлы-профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру және бақылау. 2. Инженерлік қызметтің коммуналдық кәсіпорындардың диспетчерлік және авариялық қызметтерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету. 3. Инженерлік-техникалық, өртке қарсы жүйелердің, қауіпсіз тіршілік ортасы факторларының қауіпсіздігінің алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және бақылау. Білімдер: 1. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ғимараттарға және басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға қойылатын техникалық талаптар.

		2. Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар. 3. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі нормалар.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	4-дағды: Ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және бақылау	Машықтар: 1. Ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу қажеттілігін айқындау жөніндегі іс-шараларды бақылау және ұйымдастыру. 2. Ағымдағы және күрделі жөндеу бюджетін басқарушы компаниямен және меншік иесімен келісу. 3. Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі ұйымдармен, сондай-ақ ғимаратқа күрделі немесе ағымдағы жөндеу жүргізу жөніндегі мердігер ұйымдармен шарттарды іріктеуді және жасасуды келісу. 4. Мердігерлік ұйымдардың жұмысын бақылау. 5. Ағымдағы және күрделі жөндеу нәтижелерін құжаттауды бақылау. 6. Орындалған жұмыстарды қабылдауды жүзеге асыру. Білімдер: 1. Ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер. 2. Күрделі жөндеу аяқталғаннан кейін тұрғын үйлерді, қоғамдық ғимараттарды және коммуналдық мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау қағидалары. 3. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ғимараттарға және басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға қойылатын техникалық талаптар. 4. Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар. 5. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы нормалары.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Командада жұмыс істей білу Жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу, қызметкерлерді ынталандыру қабілеті. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеті. Туындаған мәселелерді жедел шеше білу. Жұмысқа кәсіби көзқарас, көп ақпаратпен жұмыс істей білу, көптеген қызметкерлерді басқара білу.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:

СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	5	коммерциялық жылжымайтын мүлік әкімшісі	
10. "Коммерциялық жылжымайтын мүлік әкімшісі" мамандығының карточкасы:			
Топ коды:	3349-0		
Сабақ атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Коммерциялық жылжымайтын мүлік әкімшісі		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:			
БТБА, БА және т.б. үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. Менеджер, шаруашылық меңгерушісі (әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі менеджер), ғимарат әкімшісі		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі білім (қолданбалы бакалавриат)	Мамандығы: Менеджмент (салалар және қолдану салалары бойынша)	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Менеджер ретінде жұмыс тәжірибесі - 3 жылға дейін		
Бейресми және ақпараттық біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару жөніндегі операциялық қызметті оның кірістілігін арттыру мақсатында жүзеге асыру		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару бойынша операциялық қызметті жүзеге асыру. 2. Қызметтердің мәлімделген деңгейін қамтамасыз ету. 3. Ғимараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті тексеру және түгендеу үшін құжаттарды дайындау. 2. Ғимараттың үй-жайлары мен инженерлік жүйелерін үнемі визуалды тексеруден өткізу. 3. Жалға алушылардың өтінімдері бойынша ағымдағы техникалық ақауларды жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және бақылау.	

1-дағды: Ғимараттың үй жайларын көзбен шолып тексеру және мүлікті түгендеу жүргізу	4. Мүлікке түгендеу жүргізу: барлық элементтердің сапалық және сандық сипаттамаларын сипаттай отырып, тұрғын және тұрғын емес ғимараттар мүлкі құрамының түгендеу тізімін жасау. 5. Көрнекі тексерулер мен түгендеуді құжаттау. 6. Деректер базасын, тексеру және мүлік тізілімін, түгендеу ведомостарын жүргізу. 7. Мүліктің жай-күйі, ғимараттың техникалық жай-күйі туралы есептер дайындау. 8. Қажетті ақпараттық құралдарды/қосымшаларды қолдану. Білімдер: 1. Мүліктің жай-күйі туралы тексеру актілері мен есептерді жасауға қойылатын талаптар. 2. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті визуалды-аспаптық тексеру әдістері. 3. Қазақстан заңнамасының мүлікке түгендеу жүргізу жөніндегі негізгі талаптары. 4. Түгендеу жүргізу әдістері мен технологиялары. 5. Түгендеуді жүргізудің жалпы ережелері. 6. Ақпараттық құралдар/ қосымшалар. 7. Құрылыс саласындағы ғимараттарға және басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға қойылатын техникалық талаптар.
Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
2-дағды: Іргелес аумақтың үй жайларының ғимаратының және аумағының тиісті санитарлық жай күйін абаттандыру мен көгалдандыруды қамтамасыз ету	Машықтар: 1. Ғимараттың үй-жайлары мен аумақтарының санитарлық жай-күйіне тұрақты тексеру жүргізу. 2. Үй-жайлар мен аумақтарды тазалау жоспарлары мен кестелерін бақылау және келісу. 3. Аумақты санитарлық күтіп ұстау және жинау, абаттандыру және көгалдандыру бойынша сервистік қызмет субъектілерімен шартты іріктеуді және дайындауды қамтамасыз ету. 4. Санитарлық күтіп-ұстау және жинау бойынша сервистік қызмет субъектілерінің жұмысын, аумақты абаттандыру және көгалдандыруды бақылау. 5. Үй-жайлардың санитарлық жағдайын тексеру және тексеру нәтижелерін құжаттау. 6. Жұмыстарды жүзеге асыру үшін тауарлық-материалдық құндылықтармен қамтамасыз ету, бухгалтерлік есепті жүргізу және есеп беру. 7. Санитарлық күтіп-ұстау және жинау мәселелері бойынша техникалық және өзге де құжаттамаларды жүргізуді, өзектендіруді және сақтауды бақылау. 8. Орындалған жұмыстарды қабылдауды жүзеге асыру. Білімдер:

		1. Тұрғын үй қорын, тұрғын емес ғимараттарды техникалық пайдалану нормалары мен қағидалары, үй-жайларды және аумақты санитарлық күтіп-ұстау мен жинауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қойылатын талаптар бөлігінде күтіп-ұстау қағидалары. 2. "Әкімшілік және тұрғын үйлерге қойылатын санитарлы-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық қағидалар. 3. Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар. 4. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі нормалары.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
1-еңбек функциясы: Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару бойынша операциялық қызметті жүзеге асыру	3-дағды: Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару және күтіп ұстау бойынша жұмыстар мен қызметтерді жүзеге асыруды қамтамасыз ету	Машықтар: 1. Жұмысты жоспарлау, олардың орындалуын қамтамасыз ету. 2. Ғимаратты маусымдық пайдалануға дайындау бойынша жоспарлар мен кестелер жасау. 3. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару және күтіп ұстау бойынша кірістер мен шығыстардың сметасын жасау. 4. Жылжымайтын мүлікті пайдалануға байланысты проблемаларды анықтау, бағалау және оларды шешуге негізделген тәсілдерді қолдану. 5. Коммуналдық қызметтер мен коммерциялық жылжымайтын мүлікті пайдалану шығындарын оңтайландыру. 6. Жалға алушылардың жарналарын/ төлемдерін жинауды және сметада жоспарланған басқа кірістердің түсуін және коммерциялық жылжымайтын мүлікті күтіп- ұстау бойынша көрсетілетін қызметтер мен жұмыстарға акы төлеуді қамтамасыз ету. 7. Коммерциялық жылжымайтын мүлікке қажетті ресурстарды жеткізу үшін коммуналдық қызметтермен өзара әрекеттесу. 8. Бұдан әрі талап қою және талап қою жұмысы үшін жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындаушылардың төлем кезінде берешекті, сондай-ақ міндеттемелерді бұзушылықтарын анықтау туралы басшылықты хабардар ету. 9. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару және күтіп ұстау туралы есептер жасау. 10. Сервистік қызмет субъектілерінің, мердігерлік ұйымдардың және коммуналдық кәсіпорындардың шарттарды орындау нәтижелерін бағалау. 11. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқару және күтіп-ұстау бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер жоспарының орындалуын талдау.

		12. Коммерциялық жылжымайтын мүлікте болудың санитарлық нормалары мен ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету. 13. Стандартты емес жағдайларда шешім қабылдау. Білімдер: 1. Операциялық-шаруашылық қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер. 2. Бизнесті жоспарлау және бюджеттеу негіздері. 3. Менеджмент негіздері. 4. Тұрғын емес ғимараттарды техникалық пайдалану нормалары мен ережелері. 5. Өрт қауіпсіздігі нормалары. 6. Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормалары. 7. Тұлғааралық және іскерлік қарым-қатынас психологиясы. 8. Қажетті ақпараттық бағдарламалар/қосымшалар. 9. Тұлғааралық және іскерлік коммуникациялар мен конфликтология психологиясының негіздері.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	4-дағды: Операциялық қызметті құжаттамалық сүйемелдеу	Машықтар: 1. Операциялық қызметті қамтамасыз ету үшін деректерді жинау. 2. Техникалық және өзге де құжаттаманы енгізу, өзектендіру және сақтау, операциялық қызметті қамтамасыз ету үшін құжаттар базасын жүргізу. 3. Операциялық қызмет бойынша есептер дайындау. 4. Іскерлік хат алмасуды жүргізу. 5. Кіріс және шығыс хат-хабарлардың құжат айналымын (тіркеу, тарату, жөнелту) жүргізу. Білімдер: 1. Ақпарат жинау әдістері. 2. Ақпарат жинау көздері. 3. Негізгі кеңсе компьютерлік бағдарламалары. 4. Коммерциялық жылжымайтын мүліктің негізгі сипаттамалары. 5. Коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің негізгі құқықтық және техникалық құжаттарының тізбесі. 6. Қызметтік құжаттар тілінің ерекшеліктер.
	Шеберлікті тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Үй-жайды жалға алушыға беруді ұйымдастыру. 2. Жаңа жалға алушыларды компанияның көрсетілетін қызметтері, бос кеңсе, сауда, қойма үй-жайларының болуы, ілеспе қызметтер туралы хабардар ету.

	1-дағды: Ғимаратты жалға алушылар мен пайдаланушылар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету	3. Ғимаратқа, паркингке, қоймаларға және басқа да үй-жайларға кіруді қамтамасыз ету, инженерлік жүйелерді пайдалану ережелерімен таныстыру. 4. Барлық мәселелер мен өтінімдер бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыру. 5. Ағымдағы қызмет бойынша жалға алушылардың жауапты тұлғаларымен күнделікті қарым-қатынасты қолдау. 6. Компанияның жаңалықтары мен жаңартуларымен , жалға алушылардың қызметтерімен жүйелі түрде хабарлама жіберу. 7. Жалға алушыларды өзгерістер, жаңа ережелер, профилактикалық, техникалық жөндеу жұмыстары, авариялық және форс-мажорлық жағдайлар туралы уактылы хабардар ету. 8. Жалға алушының, жалға берушінің, келушілердің , пайдаланушылардың проблемалық жағдайларын жедел шешу. 9. Үй иесінің, жалға алушының, келушілердің, үй-жайларды пайдаланушылардың өтініштері бойынша шешім қабылдау. 10. Қызмет көрсету сапасына қанағаттану тұрғысынан жалға алушыларға сауалнама жүргізу, қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша шаралар қабылдау. 11. Жүргізілген сауалнама қорытындылары бойынша жалға алушылардың ескертулері мен түсініктемелерін жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу туралы есепті дайындау және ұсыну. 12. Қажетті тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алуды қамтамасыз ету. 13. Тауарлық-материалдық құндылықтардың айналымы бойынша есепке алуды, құжаттаманы және есептілікті жүргізу. 14. Жалға алушылардың мәліметтер базасын жүргізу.
